

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті жанындағы «Философиялық ғылымдар» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесіне ұсынылған «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Исахан Мұханның «**622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі»** тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысына ресми рецензент, филология ғылымдарының кандидаты Мухитдинов Рашид Сражовичтің

ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Кез келген қоғам, барлық мемлекет белгілі бір заң шеңберінде әрекет етеді. Қоғам мүшелері және мемлекет азаматтары арасындағы заңдық, құқықтық, мәдени, діни нормаларды реттеуші басты ережелер жиынтығы сол елдің атазаңында көрініс табады.

Қоғам мен мемлекеттің ілгері дамуының басты факторларының бірі – сол ел мен қоғам бағынатын заңдар және сол заңдардың орындалуы. Мұхаммед пайғамбар ислам дінінің Аллаһ тарапынан жіберілген елшісі ғана емес, Мәдинада негізі қаланған Ислам мемлекетінің басшысы ретінде де өз қоғамын дамытуға мүдделі болды. Сондықтан Мұхаммед пайғамбар Мәдина қаласына қоныс аударғаннан кейін ең бірінші маңызды ісі – сол қалада тұратын әртүрлі дін өкілдері және бірнеше этникалық топтар арасында ортақ келісімге қол жеткізуі.

Бүгінгі әлемдік деңгейде ең қызу талқыланып, бұхаралық ақпарат құралдарынан жиі айтылып жүрген терминдердің бір – Ислам мемлекеті. Мұхаммед пайғамбар негізін қалаған осы терминді өздерінің саяси мүдделері үшін қолданып жүрген қаншама діни-саяси ұйымдар мен ағымдар бар. Осы қырынан алғанда Мұхан Исаханның Мұхаммед пайғамбардың бастамасымен негізі қаланған Ислам мемлекетінің ең алғашқы атазаңы «Мәдина конституциясын» ғылыми зерттеудің тақырыбы етіп алуы дер кезінде таңдалған деп айта аламыз. Ислам заңдарынан түсінігі таяз, діни сауаты бір жақты, бірақ дінге деген құлшынысы өте жоғары жастарымыздың ислам мемлекетінің атын жамылған «ДАҒИШ» атты саяси-лаңкестік ұйымның жалаң ұрандарына еріп кетулерінің алдын алу жұмыстарында осындай ғылыми тақырыптарда кешенді еңбектер жүргізу қазақ үшін, мұсылман үшін жалпы дін мен ғылым үшін өзекті болып отыр.

Диссертант ғылыми жұмысының алғашқы тарауында ислам келгенге дейінгі араб қоғамының саяси, діни, құқықтық ахуалына кеңінен тоқталып, жәһилият дәуіріндегі адамдардың өмір тіршілігін, ол қоғамның жаңа өзгерістерге мұқтаж болып тұрғандығын ғылыми тұрғыдан жақсылап сипаттап, талдап береді. Алғашқы тараудың логикалық жаласы ретінде Мәдинада пайда болған Ислам мемлекетінің алғашқы атазаңы – Мәдина конституциясының

қабылдануының алғышарттарын, осы заң қабылданарда араб қоғамының саяси, діни, әдет-ғұрыптық ерекшеліктерінің ескерілгендігін тұшымды дәлелдей алған. Мұхаммед пайғамбардың мемлекет басшысы ретінде араб қоғамында сол уақытта қалыптасып қалған қысаң заңдар мен адами қасиеттерге қайшы ғұрыптарды, қоғам мүшелерінің арасында теңдікті орнатуы, мемлекеттік қайреткер ретінде қажырлы еңбегі осы зерттеудің үшінші тарауында жан-жақты талданған.

Мұхан Исаханның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 648 жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаға» сәйкес жазылған деп санауға болады. Себебі ДАҒИШ-тың қатарына қосылып жатқан жастар ол ұйым заңдары Ислам заңдарымен, әсіресе, Мәдина конституциясымен сәйкес келмейтінін осы зерттеуден анық байқауға болады. Теріс ағымның жетегінде жүрген жастармен жұмыс барысында Мұхан Исаханның жұмысын басшылыққа алуға болады деп санаймын.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі.

Докторанттың ғылыми ізденісі барысында көтерген мәселелелері араб, түрік ғалымдары мен еуропалық шығыстанушылар еңбектерінде белгілі дәрежеде зерттелгенімен, отандық әдебиеттерде, әсіресе, дінтану, исламтану әдебиеттерінде мүлде аз зерттелген, тіпті мұндай деңгейде зерттелмеген сала болып табылады. Осыған дейін «Мәдина конституциясы» туралы Мұхаммед пайғамбардың өмірбаянына арналған сира кітаптарында жалпылама түрде айтылатын немесе тек ишарат етіп қана өтілетін. Ал бұл атазанның ислам мемлекетінің қалыптасуындағы рөлі мен оның мемлекет құрушы құрал мен тетігі болғандығы арнайы зерттеу тақырыбы етіп алынған жоқ еді.

Докторант тақырыпты зерттеу нәтижесінде 7 түрлі жаңалыққа қол жеткізген:

Бірінші жаңалығы салыстырмалы түрде жаңалық болып табылады. Өйткені дін мен саясаттың бір-біріне әсері туралы жалпы тарихи, діни еңбектерде шашыраңқы ой жүзінде болса да айтылып жүр. Алайда діни ахауалдың саясатқа нақты ықпалы туралы фактілер мен тұжырымдарға негізделіп жүргізілген зерттеулер жоқтың қасы.

Екінші және үшінші ғылыми жаңалықтары араб тілді зерттеулерде қарастырылып тасталғандықтан, әлемдік ғылым үшін жаңалық болып табылмайды. Дегенмен, диссертант өз ойын ортаға салған. Қазақ дінтануы, исламтануы үшін тың жаңалық деп есептеуге болады.

Тарихи фактілер мен діни құжаттарға негізделе жасалған төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші жаңалықтарын дінтануға, исламтануға қосылған жаңалық деп есептеуге болады.

Біз Мұхан Исаханның зерттеу жүргізу барысында ғылыми зерттеу талаптарын сақтап, өзінің діни көзқарастары мен жеке ұстанымдарына емес таза ғылыми фактілерге сүйеніп тұжырымдар мен қорытындылар жасағанын ерекше айта кеткіміз келеді.

Ізденушінің алынған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Диссертацияның тұжырымдалған нәтижелері "Мәдина конституциясын" және жалпы ислам дінінің саяси заңдарын зерттеудің алдында тұрған теориялық және іргелі тәжірибелік мәселелерін шешуге бағытталған. Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы оның өзектілігімен және алғашқы ислам мемлекетінің атазаңына жасаған тың талдауларымен және ұтымды ойларын басқа ғалымдардың заң, дінтану және исламтану салалары бойынша жазған еңбектерін зерттеуде қолдану мүмкіндігімен түсіндіріледі.

Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары заңгер, дінтанушы және исламтанушы мамандар үшін тәжірибелік маңызы бар және солардың қызығушылығын туғызатыны сөзсіз. Диссертацияның материалдары жоғарғы оқу орындарының заң, дінтану, исламтану мамандықтарында арнайы өтілетін курстарда және әртүрлі ағым өкілдерімен пікір-талас жүргізгенде қолданылуы мүмкін.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі және дәйектелу деңгейі ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертант әрбір ғылыми нәтижені, тұжырымдар мен қорытындыларды негіздеуде осы мәселеге қатысты ғылыми ізденістер жасап, онда тақырыпқа қатысты жарияланған еңбектерге, шетелдік және отандық ғалымдардың жұмыстарына сүйенген. Сонымен қатар ізденуші негізінен қазіргі әдіснамалық тәсілдерді басшылыққа алып, диссертациялық еңбектің әрбір ғылыми нәтижесі негізделуі мен дәйектелуін жоғары дәрежеде көрсете білген. Зерттеу жұмысының негізділігі және дәлелділігі әдіснамалық және теориялық позициялармен анықталады.

Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Мұхан Исаханның «Мәдина конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының құрылымы зерттеу тақырыбының жүйесі мен мазмұнын ашуға негізделген. Диссертация бір-бірімен байланысты, бірін-бірі толықтырып тұратын үш бөлімнен, қосымшадан тұрады. Жұмыстың негізгі мазмұны өз жүйелігімен және қойылған талаптарға сай мақсатқа жетуде, міндеттерді шешуде, зерттеу пәні мен нысанын зерделеуде өз қисындылығымен сипатталады. Диссертациялық жұмыста қол жеткізген нәтижелердің өзара бірлестігі мен олардың іштей үйлесімділігі тікелей тақырыпқа сай.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны концептуалдық тұрғыда тұтасталғандығымен ерекшеленеді. Бөлімдер мен бөлімшелердің арасында логикалық байланыс анық байқалады, жүйелілік, бірізділік орын алған. Алынған ғылыми нәтижелердің ішкі байланысы күмән туғызбайды.

Сондықтан ғылыми жұмысты белгілі бір жүйемен орындалған, біртұтас кешенді ғылыми еңбек деп тануға негіз бар.

Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертациялық жұмыстың жоғарыда атап өтілген жетістіктері мен табыстарын айта отырып, төмендегідей ескертпелер мен ұсыныстарды атап өткен жөн:

1. Диссертациялық жұмыста техникалық, емлелік және грамматикалық қателер кездеседі. Бір сөздің бірнеше нұсқада жазылуы жиі орын алған. Осы қателіктерді түзету керек.

2. Диссертанттың ғылыми тілін, сөз саптауын жоғары бағалай отырып, мынандай ескерту жасағанды жөн санадық. Қазір қазақ әдеби тілінде қолданыста бар сөздердің орнына орыс тіліндегі немесе орыс тілінен енген баламаларын қолдану кездеседі. Мысалы, наместник, актуальды, король, аристократ, лидер, рынок сөздері. Бұл сөздердің қазіргі қазақ әдеби тілінде баламалары бар. Сол баламаларды қолданғанда тіл шұбарлығынан сақтанар еді.

3. 3-ші жаңалықты 3-ші тұжырымда сол күйінде қайта берген. Егер сол жаңалықты тұжырым ретінде ұсынғысы келгенде сөйлемді өзгертіп, тұжырымға сай қылып қайта жазу дұрыс болар еді.

4. Диссертант 115-116 беттерде шарифаттағы үйленудің үкімдерін беске бөліп, оларға мысал келтірген кезде мубахтың мысалын шатастырып алған.

5. Хад жазасы тек қана Құранмен ғана емес, сүннетпен де бекітіледі. Оған ражм үкімі дәлел. Сондықтан 121-бетте хад жазасы туралы айтылғанда оның сүннетпен де бекітілетіндігі ескерілмей кеткен.

Төмендегі ойларды ұсыныс ретінде айтамыз:

1. Кейде айтылған ой дәлелсіз шолақ қалып кеткендей болады. Мысалы, 66-бетте мұсылман құқығы мен әдет-ғұрыптың арақатынасы туралы айтылғанда ойды күшейтетін дәлел жетіспей тұрғандай көрінеді. Осы жерге Мұхаммед пайғамбардың өмірінен тарихи бір-екі мысал келтіре кеткенде жұмыстың салмағы арта түсер еді. Осы ұсынысты 75-беттегі «Мәдина конституциясы» мен зайырлылық туралы сөз қозғалған тұста да айтуға болады.

2. "Мәдина конституциясын" отыз бапқа бөлу керек деген ойын ашып жазып, жаңалыққа қосу керек еді.

3. "Мәдина конституциясының" мемлекет құру функциясы туралы кеңінен жазу керек еді. Себебі қазіргі қоғамда ислам мемлекетін құрамыз деп жастарды арбап өз діни-саяси тобының қатарына тартып жүргендер көп. Солардың қолданып жүрген заңдарымен салыстыра зерттеуге жақсы бір бастама олар еді.

4. Мұхаммед пайғамбардың хадистеріне сілтеме хадис жинақтарына емес, басқа кітаптарға жасалған, кейде хадиске сілтеме мүлдем жасалмай кетеді (мысалы, 109, 123, 124, 129 беттерде). Біз хадистердің дәрежелерін, олардың бізге жету жолданын және көтеріліп отырған кез келген мәселеге қаншалықты дәлел бола алатындығын сол хадис жинағына қайту арқылы білеміз. Сондықтан хадистерге сілтеме хадис жинақтары негізінде жасалса дұрыс болар еді.

Алайда жоғарыда көрсетілген ұсыныстар мен кемшіліктер қорғауға ұсынылып отырған жұмыстың зерттелу дәрежесіне, мазмұндылығына, тұтастай

алғандағы ғылыми маңыздылығы мен құндылығына ешқандай нұқсан келтірмейді.

Диссертациялық жұмыстың ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2 бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Мұхан Исаханның «Мәдина конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны және рәсімделуі ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толығымен лайық деп санаймын.

Ресми рецензент –

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық

катынастар және әлем тілдері университеті

Таяу шығыс аймақтардың тіл және аударма

кафедрасының доценті, филология

ғылымдарының кандидаты



Р.С. Мухитдинов

| |
|--|
| Қойылған <i>Р.С. Мухитдинов</i> |
| қолтаңбасын растаймын |
| Кадрлар бөлімінің инспекторы |
| Подпись <i>Мухитдинов Р.С.</i> заверяю |
| Инспектор отдела кадров <i>КСВ</i> |